

## Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштерін құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 2 сәуірдегі N 1158

Қорғаныс саласында біртұтас мемлекеттік саясат жүргізу қажеттігіне орай, өз Қарулы Күштерімізді құрудың заңды құқығы негізінде қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрамында Әскери-Теңіз құрылсын.
2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштері орналасатын пункттер жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс түсірсін.
3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұстауға көзделген қаржы есебінен Әскери-Теңіз Күштерін қаржы, азық-түлік, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асырсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті